

БЕЛЕСТЕН-БЕЛЕСКЕ

Отандық ауылшаруашылық білімі мен ғылымының қарашаңырағы – Қазақ ұлттық аграрлық университетінің құрылғанына биыл 90 жыл толып отыр.

Осы мерейлі жылы өткенді саралап, жүрген жолымыз бен атқарған істерімізді бағамдап, оқу орнымыздың кешегісі мен бүгінгі және алдағы мақсат-міндеттері туралы пайымдарымызды «Аграрлық білім бәйтерегі. Белестен-белеске» атты жаңа жинаққа топтастырып, жарыққа шығардық.

Бұл кітапта университет қызметі мен еліміздің агроөнеркәсіптік кешені мәселелері жайлы 2001 жылдан 2020 жылға дейінгі аралықта республикалық басылымдарда жарияланған таңдаулы мақалалар мен сұхбаттар, оқу орнының тыныс-тіршілігін көрсететін фотосуреттер берілген.

Жинақтың аты айтып тұрғандай, белестен-белеске жетіп келе жатқан университетіміздің қалыптасып, даму кезеңдері «Аграрлық ғылымның көшбасшысы», «Болашақ кілті ғылымда», «Ұлттық зерттеу университетіне трансформациялану», «Модернизацияланудың алтын үштігі», «Агротехнологиялық хаб – АӨК драйвері», «Жаңа білім мен технологияларды трансферттеудің негізінде АӨК модернизациялау», «Цифрлық университет – сапалы білімнің қайнар көзі», «Тиімді менеджмент, Әлемдік деңгейдегі университет» деп аталатын жеке тараулар бойынша қарастырылды.

Тоқсан жылдық тұғырлы белеске көтеріліп отырған университет тарихына үңілсек, ол

елімізде 1929 жылы Ветеринарлық институттың құрылуынан бастау алады. Бұл – Қазақстандағы алғашқы жоғары оқу орындарының бірі болды.

Көп ұзамай Ветеринарлық институт Ветеринарлық-зоотехникалық институт болып қайта құрылды. Институттың бірінші директоры білікті ғалым-микробиолог И.В. Сайкович болды. 1933 жылы институттың атауы Алматы зооветеринарлық институты деп өзгертілді.

Жоғары оқу орнының беделін арттыруға белсене атсалысқандар қатарында, осы институтта қазақ және орыс тілдерінен дәріс берген, ҚазКСР Ғылым академиясының академигі, заманымыздың заңғар жазушысы, ұлы қаламгер **Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің** есімін ерекше атағанымыз жөн.

1930 жылы егіншілік және жеміс-көкөніс факультеттерінен тұратын Қазақ ауылшаруашылық институты құрылып, оның бірінші директоры болып халқымыздың ағартушы тұлғасы, ауыл экономикасын зерттеу жөніндегі экспедицияны басқарған, Мәскеудегі Тимирязев атындағы ауылшаруашылық академиясының түлегі, мемлекет қайраткері **Ораз Қиқымұлы Жандосов** тағайындалды.

Бүгінгі университет – ұлтымызға еңбегі сіңген осындай ірі қайраткерлердің ерлік істерімен, ұлағатты ұстаздардың даналығымен, олардың білім, ғылымға деген ізденісі мен құштарлығының арқасында қалыптасқан.



Ел Тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында, 1996 жылы Алматы зооветеринарлық институты мен Қазақ ауылшаруашылық институты біріктіріліп, соның негізінде Қазақ мемлекеттік аграрлық университеті құрылды. Елбасы Жарлығымен 2001 жылы оқу орнымыз Ұлттық университет мәртебесін иеленді.

Сол уақыттан бері университет жүйелі түрде аграрлық білім, ғылым және өндіріс интеграциясы үрдісін іске асырып, инновациялық бағытта дамуда. Жоғары оқу орны өзінің барлық ресурстарын шоғырландырып, еліміздің аграрлық саласының бәсекеге қабілеттілігіне ықпал жасай алатын, ғылым мен білімнің, аграрлық-индустриялық дамудың инновациялық ортасының діңгегіне айналды.



Университет білім, ғылым және өндірісті интеграциялау бойынша ауқымды жобаларды іске асырып, Фермерлердің жоғары мектебін ашты, республиканың 9 облысы мен 88 аймағында жүйелі жұмыс жүргізетін Экстеншн жүйесін енгізді.

Сонымен қатар «АгроДаму» ауылшаруашылық ғылыми-өндірістік консорциумы және Халықаралық ғылыми-білім консорциумы құрылды, Халықаралық «Агробілім» қауымдастығы және Кіші академия «мектеп (лицей) – колледж – университет» бағытындағы аграрлық білімнің үздіксіз жүйесін жүзеге асыруда. Шетелдік әріптестермен интеграция нәтижесінде, Қазақстан-Жапон, Қазақстан-Корея инновациялық орталықтары, инновациялық жылыжай және Жаңартылатын энергия көздерінің инновациялық орталығы ашылды.

Мақсатты жұмыс жүргізудің арқасында университет заман талабына сай жобалық басқарудың халықаралық стандарттарын қолдана отырып, шетелдік озық ғылыми орталықтар мен жоғары оқу орындарының сарапшыларымен бірлесіп, Ұлттық зерттеу университетіне трансформациялануды жүзеге асырды.

2015 жылы университет еліміздегі жоғары оқу орындарының арасында алғашқылардың бірі болып, тәуелсіз басқаруды іске асыру мақсатында жаңа ұйым дастыру-құқықтық формада қайта құрылып, БҒМ қарамағынан АШМ құзырына өтті. Бұл – университеттің дербестігін қамтамасыз етіп, мемлекеттік-жекеменшік серіктестік тетігін және автономиялық механизмдерін терең қолдануға мүмкіндік берді.

2015 жылы 22 тамызда ҚазҰАУ Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен құрылған Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы «Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» құрамына кірді.

2016 жылы университетте Елбасының тікелей қолдауымен инновациялық ғылым, білім

инфрақұрылымы қалыптасып, жаңа білім мен ғылым трансфертін іске асыратын Агротехнологиялық хаб ашылды. Агрохабтың миссиясы заманауи инновациялық технологиялар мен озық білім беру әдістерін іздеу, тарту және трансферттеу. Оның құрамында 8 инновациялық орталық пен 31 ғылыми-зерттеу зертханасы бар.

Индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы аясында Агрохаб: Жасыл биотехнология және жасушалық инженерия, Тамақ өнімдерінің физика-химиялық қасиеттерін және топырақ, су, шикізаттың экологиялық сапасын зерттеу, Азық-түлік және экологиялық қауіпсіздік және Табиғи ресурстарды басқару және экожүйені тұрақты дамытуды басқару 4 зерттеу лабораторияларымен толықтырылды.

2017 жылы Азия даму банкінің қолдауымен Су хабы ашылды, оның құрамына 14 ғылыми-зерттеу зертханасы кіреді. Су хабының миссиясы – Қазақстан мен Орта Азияның барлық су саласында жұмыс жасайтын ғалымдарының білімдерін су ресурстарын тиімді басқару мәселесін шешуде жаңа білім іздестіруге шоғырландыру.

HR және KPI жүйесі енгізілді.

Білім алушылардың барлық тәжірибе түрлері 7 айға дейін ұзартылды, Агробизнес стратегиялық зерттеу орталығы құрылды, онда студенттер екінші курстан бастап шаруашылықтардың нақты материалдары негізінде бизнес-жоспар құруды игереді.



2018 жылы Әлемдік деңгейдегі университетті құру тұжырымдамасы бекітілді. Бұл ретте университет өзінің инновациялық даму жолында әлемдегі аграрлық жоғары оқу орындары арасында 1-орында тұрған Вагенинген университетінің (Нидерланды) тәжірибесіне сүйенеді.

ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың АҚШ-қа ресми сапары кезінде Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ауылшаруашылық ғылыми-зерттеу қызметімен (USDA), Мичиган, Корнелл университеттерімен Меморандумдарға қол қойылды.

Елбасының Финляндияға ресми сапары кезінде Шығыс Финляндия университеті мен ҚазҰАУ арасында магистрлік және докторлық бағдарламалар шеңберінде екіжақты келісімге қол қойылды.

Университетте GPI-тобының 15 тәуелсіз халықаралық сарапшысы корпоративтік басқару жүйесінің диагностикасын жүргізді, сонымен қатар ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін коммерцияландыру мүмкіндіктерін бағалады. Университеттің коммерцияландыру және цифрландыру стратегиясы жаңартылып, Цифрлық университет құру бағдарламасы жасалды.

2019 жылдың қазан айында Қазақстан Үкіметі делегациясының Нидерланды Корольдігіне сапары кезінде Вагенинген университетімен (WUR): «Ветеринариялық-тамақ қауіпсіздігі және технологиясы», «Өсімдіктер мен технология ғылымдары» WUR қос дипломды білім беру бағдарламасы бойынша ҚазҰАУ-дің негізінде 100 маман даярлау туралы меморандумға қол қойылды.

Университетте нақты ғылыми жобалар негізінде 18 халықаралық орталық ашылды.

Осы жылы өсімдіктердің микроклоналды көбеюі және сүт бойынша референттік зертхана, сонымен қатар Digital орталығы қосымша жабдықталды. Қазақстан-Беларусь агроинженерлік инновациялық орталығы 75 бірлік ауылшаруашылық техникасымен толықтырылды.

Қазақстан-Нидерланды «Интенсивті бақ» орталығы құрылып, Халықаралық вакцинология орталығы ашылды.

Бүгінгі күні Аумағы 845 га болатын «Агроуниверситет» оқу-тәжірибелік шаруашылығы негізінде көрсеткіштік Smart-ферма, машина сынақ станциясы, 10 дақыл түріне арналған экс-



перименталды полигон құрылуда, Агротехнопаркте дамыту жұмыстары жалғасуда.

Әр апта сайын жүйелі түрде Ситуациялық орталықта агроөнеркәсіптік кешеннің дамуының барлық бағыттары бойынша ауыл кәсіпкерлері үшін онлайн-конференциялар өткізіліп тұрады.

ҚР Ауыл шаруашылығы, Білім және ғылым, Ұлттық экономика, Қаржы министрлігі және ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі мақұлдаған «Әлемдік деңгейдегі Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетін дамытудың 2020-2024 жылдарға арналған бағдарламасы» жасалды.

Осылайша, университет бірнеше жыл ішінде өз ресурстарын шоғырландырып және елдің осы саладағы бәсекеге қабілеттілігіне нақты ықпал жасайтын, аграрлық секторды жедел дамытудың білім беру, ғылыми, инновациялық қызметінің өзегіне айналды.

Жақында ғана жеткен тағы бір табысымыз – Қазақ ұлттық аграрлық университеті QS World University Rankings рейтингісінің 2020 жылға арналған қорытындысы бойынша өз көрсеткішін жақсартып, 651-орыннан 60-позицияға көтеріліп, 591-орынды иеленді.

QS әлемдік рейтингісі дүние жүзінің ең үздік 1000 университетін қамтиды. Биыл бұл тізімге қазақстандық 10 жоғары оқу орны енгізілген. Әлемнің үздік 600 университетінің қатарына енген оқу орнымыздың алдағы мақсаты – 2024 жылға қарай QS рейтингінде 400-орынға көтерілу. 90 жылдық тағылымды тарихы бар университетіміз

ұжымның бірлігі мен біліктілігінің арқасына бұдан да биік белестерді бағындыра береді деп сенемін!

«Аграрлық білім бәйтерегі. Белестен-белеске» кітабын дайындау барысында мен өз ұжымымның тәжірибесімен оқырмандармен бөлісу және университеттің трансформациялану нәтижелеріне қалай қол жеткізгендіріміз және оны ұлттық зерттеу университеті ретінде одан әрі дамыту жолдары туралы айтуды өз міндетім деп білемін.

Бұл кітапты оқитындардың өте маңызды, қажетті ақпарат алатынына және ғылыми зерттеу университетіне айналуы жоспарлаған жоғары оқу орындарына әдістемелік көмек болатынына сенімдімін.

Тілектес ЕСПОЛОВ,
Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры,
ҚР ҰҒА вице-президенті, академик,
әл-Фараби атындағы мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

АННОТАЦИЯ ○

В своей статье академик Тілектес Есполов рассказывает об истории создания Казахского национального аграрного университета, о масштабной работе, проведенной в вузе с момента основания и до настоящего времени, о тенденциях развития. Также он представил краткое описание сборника «Аграрлық білім бәйтерегі. Белестен-белеске».